



Бұқаралық ақпарат құралдары туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы

МАЗМҰНЫ

Осы Заң бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) аккредиттеу - журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның тануы;
- 2) бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және оны шығару мен таратуға, эфирге шығаруға тиісінше өкілеттігі бар жеке тұлға;
- 3) бұқаралық ақпарат – тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары;
- 4) бұқаралық ақпарат құралы – мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны;
- 5) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио-, теле-, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;
- 5-1) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі – бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін жинау және оны Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау тұрғысынан талдау процесі;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);
- 7) бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио-, телебағдарламаларды эфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету және интернет-ресурстарда ақпаратты орналастыру;
- 8) бұқаралық ақпарат құралының редакциясы – бұқаралық ақпарат құралына материалдар жинауды, дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын жеке тұлға не заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;
- 8-1) желілік басылым – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет-ресурс;
- 9) журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- 10) кешен – бір бірімен ортақ мақсаттарымен байланысты және бірыңғай құрылым құрайтын ғимараттар жиынтығы;
- 10-1) қор – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен республикалық деңгейде экономиканың барлық салаларында мемлекеттік ақпараттық саясатты, мемлекеттік имидждік жобаларды өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жөніндегі бірыңғай оператор болып табылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым (бұдан әрі –

Қор);

11) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

12) порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино, бейнеөнім – моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын жыныстық қатынасты натуралды түрде, егжей-тегжейлі фиксациялау не жыныстық әуестіктің қозуына немесе жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ететін жыныстық қатынас процесіндегі жалаңаш гениталийлерді көрсету;

13) ресми хабар - бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан әрі тарату мақсатымен мемлекеттік органдар беретін ақпарат;

13-1) стационарлық үй-жайлар - іргетасы бар, олардың тіреу конструкциясына нұқсан келтірмей оларды орнынан ауыстыру мүмкін болмайтын күрделі ғимараттар, құрылыстар немесе олардың бір бөлігі;

14) суицидті насихаттайтын ақпарат - адамды өз өмірінен әдейілеп айырылуға итермелейтін ақпарат;

15) таратушы – меншік иесімен, баспагермен шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

16) теле-, радиоарна – кейіннен трансляциялау және (немесе) ретрансляциялау үшін хабар тарату торына сәйкес қалыптастырылған теле-, радиобағдарламалар мен дыбыс-бейне туындыларының, сюжеттер мен материалдардың жиынтығын білдіретін бұқаралық ақпарат құралы;

17) теле-, радио, кинохроникалық бағдарлама – тиісті атауы, хабар тарату көлемі бар және теле-, радиоарнаның басқа бөліктеріне қарамастан пайдаланылуы мүмкін теле-, радиоарнаның мазмұнды аяқталған бөлігі;

18) цензура – бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын және материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап ету бойынша немесе өзге де негіздер бойынша хабарламалар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын ала келісу;

19) эфирге шығу – ұқсас және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теле-, радиобағдарламаларды, дыбыс-бейне жазбаларды тарату;

20) эротикалық сипаттағы өнім – гениталийлерді қоспағанда, адамдардың жыныстық қатынастарын, адам денесінің ұятты тұстарын көрсететін және порнография элементтерін қамтымайтын баспасөз басылымы немесе теле-, радиобағдарлама.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы

1. Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі.

Цензураға тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

2-1. Бұқаралық ақпарат құралдары терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

3. Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

4. Бұқаралық ақпарат құралын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 № 178-IV, 2013.01.08 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде таратылады.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңдарына сәйкес бұқаралық ақпаратты алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

3. Алып тасталды - ҚР 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.08 № 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2009.02.06. № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдары

1. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

1-1-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

Ескерту. 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-1-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-2-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

3) алып тасталды - ҚР 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін

күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 4-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қоюды, қайта есепке алуды жүзеге асырады;

2-1) есепке қойылған мерзімді баспасөз басылымдарының, ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдардың тізілімдерін жүргізеді;

2-2) эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспасөз басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарататын субъектілердің тізілімін жүргізеді;

3) - 6) алып тасталды - ҚР 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

8) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

8-1) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді;

10) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) тарихи және (немесе) мәдени құндылығы бар жазылымдарды сақтау тәртібін айқындайды;

12) журналистерді аккредиттеу ережесін бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

13-1) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүзеге асырады;

13-2) бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін жүргізу қағидаларын бекітеді;

13-3) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

14) орталық және жергілікті атқарушы органдардың бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді;

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-4-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

2) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

5) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-5-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

Ескерту. 4-5-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды тексерулер нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

4. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 4-5-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру

5-бап. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы

1. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға тиесілі.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралының өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарламалар мен материалдарды таратуға теле-, радиоарнаны, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және (немесе) желілік басылымды есепке қою туралы куәлік негіз болып табылады.

Бұл талаптар, ерікті тәртіппен есепке қойылған желілік басылымдарды қоспағанда, интернет-ресурстарға қолданылмайды.

2. Заңды тұлғаның - Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының акцияларының (үлесінің, пайының) 20 проценттен астамын шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 № 178-IV, 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

1. Меншік иесі - бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

2. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редакция, редактор, журналист, баспагер, таратушы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы.

7-бап. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

1. Редакция меншік иесінің тапсыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралын әзірлеуді және шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асырады.

2. Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді.

2-1. Мыналар:

1) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған немесе өтелмеген азаматтар;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған азаматтар соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде бас редактор (редактор) бола алмайды.

3. Меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 67-III Заңымен (Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.05. № 156 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

8-бап. Ақпарат агенттігі

1. Ақпарат агенттігі - Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған заңды тұлға.

2. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған уақыты қоса берілуге тиіс.

3. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

4. Ақпарат агенттігіне осы Заңның 2, 10-баптарының күші қолданылады.

9-бап. Бұқаралық ақпарат құралының баспагері

1. Баспагер - бұқаралық ақпарат құралының өнімін өндіруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2. Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының әрі баспагері болмаса, меншік иесі мен баспагердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен белгіленеді.

10-бап. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу

1. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін мерзімді баспасөз басылымы, ақпараттық агенттік және желілік басылым міндетті түрде есепке қойылуға жатады.

2. Есепке қою немесе қайта есепке алу үшін мерзімді баспасөз басылымының, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның меншік иесі не ол уәкілеттік берген тұлға осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келетін өтініш береді.

3. Мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпараттық агенттікті не желілік басылымды есепке қойған кезде, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның есепке қойылғанын куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен алым алынады.

4. Мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпараттық агенттікті не желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу туралы өтініш түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Өтінішті қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның меншік иесіне есепке қою немесе қайта есепке алу туралы куәлік береді не одан мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атаумен және сол аумаққа таралатын не оның атауы бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның атауымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қойғаны немесе қайта есепке алғаны туралы куәлік берген болса;

2) егер өтініштің мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келмейтін болса;

3) егер мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою үшін алым төленбесе;

4) егер меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпараттық агенттікті не желілік басылымды қайта есепке алу туралы өтініште мерзімді баспасөз басылымына немесе ақпараттық агенттікке не желілік басылымға меншік құқықтарын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың нөмірі мен күні көрсетілмесе;

5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан, атауы (атауының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты дәл сондай мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпараттық агенттік не желілік басылым есепке қоюға мәлімделген болса не атауы мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы немесе ақпараттық агенттік не желілік басылым мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда бас тартады.

5. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап үш ай ішінде мерзімді баспасөз басылымының өнімін шығаруға кірісу құқығын

сақтайды.

Ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның меншік иелері есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап алты ай ішінде хабарлар мен материалдарды таратуға кірісу құқығын сақтайды.

Мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның шығарылуын сот тоқтата тұрған жағдайларды қоспағанда, мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның өнімін шығару мерзімін өткізіп алған, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның өнімін шығару үш ай бойы тоқтап қалған жағдайда, уәкілетті органның шешімімен мерзімді баспасөз басылымын немесе ақпараттық агенттікті не желілік басылымды есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

Егер мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша желілік басылымның меншік иесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқаны анықталса, уәкілетті органның шешімімен желілік басылымды есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

6. Мерзімді баспасөз басылымы, ақпараттық агенттік және желілік басылым меншік иесі ауысқан немесе оның атауы, сондай-ақ басылымның не материалдар мен хабарлардың аты, тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке алынуға жатады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу туралы өтініш

1. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу туралы өтініште:

1) мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның меншік иесінің – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның меншік иесінің – заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері;

2) мерзімді баспасөз басылымының немесе ақпараттық агенттіктің не желілік басылымның материалдары мен хабарларының тілі (тілдері);

3) шығарылымның болжамды мерзімділігі;

4) негізгі тақырыптық бағыты;

5) таралу аумағы;

6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

7) редакцияның мекенжайы көрсетілуге тиіс.

2. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою немесе қайта есепке алу кезінде өзге талаптарды қоюға тыйым салынады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюдан босату

Таралымы:

- жүз данаға жетпейтін мерзімді баспасөз басылымдарын;
- ресми, нормативтік және өзге де актілерді;
- сот практикасының бюллетеньдерін.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2012.01.18 № 546-IV

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру және тоқтату

1. Бұқаралық ақпарат құралын шығару не бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы не тоқтатылуы мүмкін.

Интернет-ресурсқа қолжетімділікті тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарларының нұсқамасы бойынша жүзеге асырылады.

2. Тоқтата тұру деп басылымдардың бір немесе бірнеше нөмірінің шығарылуын, теле-, радиобағдарламалардың, теле-, радиоарналардың эфирге шығуын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды уақытша тоқтату түсініледі. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұруға үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерді көрсету, бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, тосқауылдар мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, интернет желісіндегі авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану, сондай-ақ осы Заңның 3-бабында, 10-бабының 6-тармағында көзделген талаптарды бұзу, сондай-ақ 15 және 16-баптарының талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу заңда белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтата тұруға негіз болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, ұлтаралық және конфессияаралық өшпенділікті өршітуге бағытталған материалдарды жариялау және ақпаратты тарату, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралының шығарылуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтатуға негіз болып табылады.

5. Меншік иесінің не соттың шешімі бойынша бұқаралық ақпарат құралының шығуын не бұқаралық ақпарат құралы өнімінің таратылуын тоқтата тұрған не тоқтатқан жағдайда, уәкілетті органға хабарлама жіберіледі.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды тоқтату оны есепке қою туралы куәліктің күшін жоюға әкеп соғады .

6. Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылғанда, бұқаралық ақпарат құралын не бұқаралық ақпарат құралының өнімдерін шығару соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша тоқтатыла тұрған не тоқтатылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдар,

интернет-ресурстардың меншік иелері бұқаралық ақпарат құралын шығаруды не бұқаралық ақпарат құралының өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында таратуды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға міндетті.

7. Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылғанда, соттың бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтата тұру туралы шешімінің заңды күшіне енуі домендік атты дәл сол немесе қайталанатын атаумен пайдалануға үш айдан аспайтын мерзімге тыйым салуға әкеп соғады.

Интернет-ресурс бұқаралық ақпарат құралы болып табылғанда, соттың бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды тоқтату туралы шешімі домендік атты тіркеудің күшін жоюға және тіркелуі сот шешімімен жойылған домендік атты дәл сол немесе қайталайтын атаумен бір жыл ішінде пайдалануға тыйым салуға әкеп соғады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 № 178-IV Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 № 227-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-1-бап. Қор

Қор:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен республикалық деңгейде экономиканың барлық салаларында мемлекеттік ақпараттық саясатты, мемлекеттік имидждік жобаларды өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады;

2) қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, республикалық деңгейде экономиканың барлық салаларында мемлекеттік ақпараттық саясатты, мемлекеттік имидждік жобаларды өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты іске асыру туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді және оған талдау жасауды жүзеге асырады;

3) республикалық деңгейде экономиканың барлық салаларында мемлекеттік ақпараттық саясатты, мемлекеттік имидждік жобаларды өткізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетіктерін жетілдіру жөнінде уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

4) өзі белгілеген тәртіппен уәкілетті органға өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады, сондай-ақ оны өз интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 2-тарау 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін тарату

Ескерту. 3-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

14-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарын тарату

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуды меншік иесінің шешімі бойынша оның өзі не шарт негізінде немесе өзге де заңды негіздерде редакция, баспагер, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырады.

2. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын:

1) стационарлық емес үй-жайларда;

2) мөлдір ораммен буып-түйілмеген күйінде;

3) білім беру ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат үйлерінің (ғимараттарының) үй-жайларында және аумақтарында;

4) жасы он сегізге толмаған адамдарға бөлшек саудада сатуға тыйым салынады.

2-1. Субъектілер эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспасөз басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағанға дейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес бұл

туралы уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

3. Алкоголь өнімдерін жарнамалауға 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап тыйым салынады. Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.

3-1. Алып тасталды - ҚР 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-2. Жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыруға тыйым салынады.

3-3. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалауға тыйым салынады.

4. Заңды негіздерде жүзеге асырылатын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға жеке немесе заңды тұлғалар, сол сияқты мемлекеттік органдарды лауазымды адамдары тарапынан кедергі жасауға, заңсыз тәркілеуге, сондай-ақ таралымын немесе оның бір бөлігін жоюға заңды күшіне енген шешімі негізінде болмаса жол берілмейді.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2003.12.19 № 509, 2007.06.19 № 264, 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.11.23 № 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 N 166-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Шығарылым деректері

1. Мерзімді баспасөз басылымының әрбір шығарылымында мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- 1) мерзімді баспасөз басылымының атауы;
- 2) мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі;
- 3) бас редактордың (редактордың) тегі және инициалдары;
- 4) есепке қою немесе қайта есепке алу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні және оны берген органның атауы;
- 5) басылымның мерзімділігі;
- 6) мерзімді баспасөз басылымының рет нөмірі мен жарық көрген күні;
- 7) таралымы;
- 8) баспахананың атауы, оның мекенжайы және редакцияның мекенжайы.

1-1. Ақпараттық агенттіктер және желілік басылымдар арнайы мақсаттағы бөлімде:

- 1) ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның атауын;
- 2) ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның меншік иесінің тегі мен инициалдарын немесе атауын;

3) бас редактордың (редактордың) тегі мен инициалдарын;

4) есепке қою немесе қайта есепке алу туралы куәліктің нөмірі мен берілген күнін және оны берген органның атауын;

5) редакцияның байланыс деректерін (пошталық мекенжайын, телефон нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын) орналастыруға міндетті.

2. Бұқаралық ақпарат құралы эфирге әрбір шыққан сайын, ал үздіксіз хабар таратқан жағдайда тәулігіне кемінде төрт рет өзінің атауын жариялап отыруға міндетті.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181; 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті даналары және теле-, радиобағдарламалардың материалдарын сақтау

1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарын, оның ішінде осы Заңның 12-бабына орай есепке қоядан босатылғандарын не олардың бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық-цифрлық нысанын олар әзірленген күні ұлттық кітапханаларға және уәкілетті органға жібереді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының (теле-, радиоарналардың) редакциялары өздерінің эфирге шығарылған теле-, радиобағдарламаларының жазбаларын алты ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өзінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында тіркеуге және оны осы журналда соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени құндылығы бар жазбалар Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақталады.

3. Уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастырады.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтармен және ұйымдармен қатынасы

17-бап. Авторлық туындылар мен хаттар

1. Редакция, интернет-ресурстың меншік иесі пайдаланылатын зияткерлік меншік құқығының объектілеріне құқықтарды, оның ішінде зияткерлік меншікке авторлық, сабақтас және өзге де құқықтарды сақтауға міндетті.

2. Оқырмандар хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін қысқартуға және оның мазмұнының мағынасын бұрмаламай редакциялауға жол беріледі.

3. Егер заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға ешкімнің де міндеттеуге құқығы жоқ.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Ресми хабарлар

1. Мемлекеттік органдардың ресми хабарлары бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орналастырылады.

2. Мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, олардың меншік нысанына және кімге қарайтынына қарамастан, өтініш жасаған кезде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатынынан басқа ақпаратты тең шарттарда беруге міндетті.

2-1. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар сұратылып отырған ақпаратты өтініш түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей беруге не беру мерзімін немесе беруден бас тарту себебін көрсете отырып жауабын беруге міндетті.

Қосымша зерделеуді және тексеруді қажет ететін өтінішке жауап ол келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралынан қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін мемлекеттік органдарға немесе өзге де ұйымдарға өтініш келіп түскен жағдайда, осы өтініш бес күн мерзімнен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіліп, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына хабарлануға тиіс.

3. Сұралып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуға бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтар құқығына қысым жасайтын заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға арналған заңда көзделген тәртіппен жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға, не сотқа шағым жасауы мүмкін.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2009.02.06. № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

19-бап. Теріске шығару құқығы

1. Азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.

Егер аталған мәліметтер ұйымнан шыққан құжатта болған жағдайда, мұндай құжат алмастырылып немесе қайтарылып алынып, бұл құжаттағы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіндігі туралы адресатқа міндетті түрде хабарлануға тиіс.

Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді.

3. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасамаса, сондай-ақ ол таратылған жағдайда, сотта қаралады.

4. Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған болса, олар мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қоса олардың таратылуынан өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

5-тарау. Журналистің құқықтары мен міндеттері

20-бап. Журналистің құқықтары

Журналистің:

- 1) ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;
- 2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;
- 4) журналистің куәлігін көрсету арқылы дүлей апаттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен наразылықтарды өзге де білдіру нысандарына қатысуға;
- 5) құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;
- 6) алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге;
- 7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;
- 8) өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;
- 9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;
- 10) авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

21-бап. Журналистің міндеттері

Журналист:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;
- 2) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;
- 3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді

қанағаттандыруға;

4) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге;

4-1) алып тасталды - ҚР 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2009.02.06. № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

6-тарау. Журналистерді аккредиттеу

Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.02.06 № 123-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

22-бап. Журналистерді аккредиттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанында өз журналистерін аккредиттей алады.

2. Журналист аккредиттелген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар оны өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенограммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жабық шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да шараларға қатысуға құқығы бар.

4. Егер журналист аккредиттеу ережелерін бұзса не өзін аккредиттеген мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратса, оның аккредиттелуі күшін жоюы мүмкін.

5. Алып тасталды - ҚР 2006.01.10 № 116 Заңымен.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шет елдерде аккредиттеу

Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралы иесінің Қазақстан Республикасының және өздері болған елдердің заңдарында көзделген тәртіппен басқа елдерде тілшілер қосынын ашуға, журналистерді аккредиттеуге құқығы бар.

24-бап. Қазақстан Республикасындағы шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметі

1. Шетел бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін аккредиттеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетел журналистерінің және басқа да шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіптік қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады, ал интернет-ресурстар болып табылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары үшін - Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілген интернет-ресурстарға қол жеткізуді тоқтата тұру көзделеді.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2012.01.12 № 537-IV

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

**7-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы
заңдарды бұзу үшін жауапкершілік**

**25-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды
бұзу үшін жауапкершілік негіздері**

1. Азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың оған кінәлі лауазымды адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының иесі, таратушысы, бас редакторы (редакторы), таратылған хабарлар мен материалдардың авторлары жауапты болады.

2-1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

3. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181, 2012.01.18 № 546-IV
(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) Заңдарымен.**

**26-бап. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату
үшін жауапкершіліктен босатылатын реттер**

Бұқаралық ақпарат құралында шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін:

- 1) егер бұл мәліметтер ресми хабарлар мен құжаттарда айтылған болса;
- 2) егер олар жарнама және ақпарат агенттіктерінен немесе мемлекеттік органдардың баспасөз қызметінен алынса;
- 3) егер олар өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдарының және азаматтардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса;
- 4) егер олар алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде айтылса;
- 5) егер бұл мәліметтер осы Заңның 18-бабына сәйкес міндетті хабарларда айтылса, бас редактор (редактор), сондай-ақ журналист жауапты болмайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.05.03 № 181 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*